

**«Жалын» ересек тобының ата-аналар
жиналысы**

Хаттама №1

Қатысқаны: 7

Қатыспағаны: 4

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. 2025-2026 оқу жылының мақсат-міндеттері мен таныстыру.
2. Ересек топтағы оқу-тәрбие жұмысының ерекшеліктері.
3. «Бала бақыты-ата-ана мен тәрбиеші бірлігінде» баяндамасы.
4. Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:


1. Абдрешова А жаңа оқу жылының жоспары, білім беру салалары және балалардың жас ерекшеліктеріне сай жүргізілетін жұмыстар туралы таныстырды. Балалардың қауіпсіздігі, денсаулығы және күн тәртібі жайлы айтылды.
2. Ортаңғы топтағы балалардың даму ерекшеліктері түсіндірілді. Сөйлеуді дамыту, қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру, шығармашылық қабілеттерін арттыру, қимыл-қозғалыс белсенділігін дамыту бағыттары атап өтілді.
3. Тәрбиеші **«Бала бақыты-ата ана мен тәрбиеші бірлігінде» тақырыбында баяндама жасады.** Бала тәрбиесінде ата ана мен балабақша арасында бірлескен кезде жұмыс нәтижесінде баланың жан-жақты дамитыны айтылды. Ата аналардың белсенділігі мен қолдауы баланың жетістігіне тікелей әсер ететіні түсіндірілді.
4. Ата-аналардың сұрақтары тыңдалып, ұсыныстары қарастырылды. Алдағы уақытта бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру туралы келісілді.

Қаулы етілді:

1. Бала тәрбиесінде ата-ана мен тәрбиеші арасындағы байланысты нығайту.
2. Балалардың балабақшаға тұрақты келуін қамту.
3. Ата-ана мен тәрбиеші баланың дамуына қолдау көрсету.
4. Іс-шараларға балалар мен бірге белсенді қатысу.

Хатшы: Абдрешова А

Төрайымы: Елемесова Э.С.



Бала бақыты – ата-ана мен тәрбиеші бірлігінде

Құрметті ата-аналар, әріптестер және қонақтар!

Бала – отбасының қуанышы, қоғамның болашағы, еліміздің ертеңі. Әрбір ата-ана өз баласының бақытты, дені сау, тәрбиелі және білімді болып өсуін қалайды. Алайда бала тәрбиесі бір ғана отбасының немесе білім беру ұйымының міндеті емес. Баланың жан-жақты дамуы мен бақыты ата-ана мен тәрбиешінің өзара түсіністігі мен ынтымақтастығына тікелей байланысты.

Отбасы – баланың алғашқы тәрбие мектебі. Бала өмірге келген сәттен бастап ата-анасының мейірімін, қамқорлығын сезініп өседі. Оның алғашқы ұстазы да, үлгі тұтар тұлғасы да – ата-анасы. Ал балабақшаға келгеннен кейін тәрбиеші баланың дамуына, білім алуына және әлеуметтік ортаға бейімделуіне ықпал етеді. Сондықтан ата-ана мен тәрбиеші бір мақсатта жұмыс істегенде ғана бала тәрбиесінде жоғары нәтижеге қол жеткізуге болады.

Баланың бойында жақсы қасиеттерді қалыптастыру үшін отбасы мен балабақшадағы тәрбие талаптарының үйлесімді болуы маңызды. Егер ата-ана мен тәрбиеші бір-бірін қолдап, ортақ тәрбие қағидаларын ұстанса, бала өзін қауіпсіз әрі жайлы ортада сезінеді. Бұл оның өзіне деген сенімін арттырып, тұлғалық дамуына оң әсер етеді.

Қазіргі заманда бала тәрбиесіне әсер ететін факторлар өте көп. Теледидар, интернет, әлеуметтік желілер балалардың дүниетанымына ықпал етеді. Осындай жағдайда ата-ана мен тәрбиеші өзара тығыз байланыста болып, баланың қызығушылығы мен мінез-құлқына назар аударып отыруы қажет. Балаға қойылатын талаптар мен құндылықтар ортақ болған жағдайда ғана оның бойында жауапкершілік, сыйластық, еңбекқорлық және адамгершілік қасиеттер қалыптасады.

Ата-ана мен тәрбиеші арасындағы сенімді қарым-қатынас баланың жетістіктерін арттыруға да мүмкіндік береді. Баланың күнделікті жетістіктері мен қиындықтары туралы ақпарат алмасу, бірлескен іс-шаралар өткізу, тәрбие мәселелерін бірге талқылау – ынтымақтастықтың тиімді жолдары. Мұндай байланыс балаға қамқорлықтың екі жақтан да бірдей көрсетіліп жатқанын сездіреді. Халқымыз «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсін» дейді. Сондықтан бала тәрбиесінде отбасы мен тәрбиеші бірлесе еңбек еткенде ғана тәрбиелі, білімді, мейірімді және бақытты ұрпақ өсіп шығады. Қорытындылай келе, баланың бақыты – оның айналасындағы ересектердің бірлігі мен жауапкершілігінде. Ата-ана мен тәрбиеші өзара түсіністік пен ынтымақтастықты нығайта отырып, әр баланың жарқын болашағын қалыптастыруға үлес қосады. Бақытты бала – бақытты отбасы, ал бақытты отбасы – қуатты қоғамның негізі.

Бала бақыты – ата-ана мен тәрбиеші бірлігінде

Құрметті ата-аналар, әріптестер және қонақтар!


Бала – отбасының қуанышы, қоғамның болашағы, еліміздің ертеңі. Әрбір ата-ана өз баласының бақытты, дені сау, тәрбиелі және білімді болып өсуін қалайды. Алайда бала тәрбиесі бір ғана отбасының немесе білім беру ұйымының міндеті емес. Баланың жан-жақты дамуы мен бақыты ата-ана мен тәрбиешінің өзара түсіністігі мен ынтымақтастығына тікелей байланысты.

Отбасы – баланың алғашқы тәрбие мектебі. Бала өмірге келген сәттен бастап ата-анасының мейірімін, қамқорлығын сезініп өседі. Оның алғашқы ұстазы да, үлгі тұтар тұлғасы да – ата-анасы. Ал балабақшаға келгеннен кейін тәрбиеші баланың дамуына, білім алуына және әлеуметтік ортаға бейімделуіне ықпал етеді. Сондықтан ата-ана мен тәрбиеші бір мақсатта жұмыс істегенде ғана бала тәрбиесінде жоғары нәтижеге қол жеткізуге болады.

Баланың бойында жақсы қасиеттерді қалыптастыру үшін отбасы мен балабақшадағы тәрбие талаптарының үйлесімді болуы маңызды. Егер ата-ана мен тәрбиеші бір-бірін қолдап, ортақ тәрбие қағидаларын ұстанса, бала өзін қауіпсіз әрі жайлы ортада сезінеді. Бұл оның өзіне деген сенімін арттырып, тұлғалық дамуына оң әсер етеді.

Қазіргі заманда бала тәрбиесіне әсер ететін факторлар өте көп. Теледидар, интернет, әлеуметтік желілер балалардың дүниетанымына ықпал етеді. Осындай жағдайда ата-ана мен тәрбиеші өзара тығыз байланыста болып, баланың қызығушылығы мен мінез-құлқына назар аударып отыруы қажет. Балаға қойылатын талаптар мен құндылықтар ортақ болған жағдайда ғана оның бойында жауапкершілік, сыйластық, еңбекқорлық және адамгершілік қасиеттер қалыптасады.

Ата-ана мен тәрбиеші арасындағы сенімді қарым-қатынас баланың жетістіктерін арттыруға да мүмкіндік береді. Баланың күнделікті жетістіктері мен қиындықтары туралы ақпарат алмасу, бірлескен іс-шаралар өткізу, тәрбие мәселелерін бірге талқылау – ынтымақтастықтың тиімді жолдары. Мұндай байланыс балаға қамқорлықтың екі жақтан да бірдей көрсетіліп жатқанын сездіреді. Халқымыз «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» дейді. Сондықтан бала тәрбиесінде отбасы мен тәрбиеші бірлесе еңбек еткенде ғана тәрбиелі, білімді, мейірімді және бақытты ұрпақ өсіп шығады. Қорытындылай келе, баланың бақыты – оның айналасындағы ересектердің бірлігі мен жауапкершілігінде. Ата-ана мен тәрбиеші өзара түсіністік пен ынтымақтастықты нығайта отырып, әр баланың жарқын болашағын қалыптастыруға үлес қосады. Бақытты бала – бақытты отбасы, ал бақытты отбасы – қуатты қоғамның негізі.



**«Жалын» ересек тобының ата-аналар
жиналысының**

Хаттама №2

Қатысқаны: 10

Қатыспағаны: 2

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Баяндама «Бала тәрбиесі-басты міндет»
2. Балалардың даму жетістіктері
3. Ата-аналардың ұсыныстары мен сұрақтары.


Тыңдалды:

1. «Жалын» тобының тәрбиешісі: А.Абдрешова «Бала тәрбиесі-басты міндет» тақырыбында баяндама оқыды. Бала тәрбиесінің негізі отбасында қалыптасатыны, ата-ана мен балабақша арасындағы ынтымақтастықтың маңызы айтылды. Баланың мінез-құлқын қалыптастыру, әдептілікке, жауапкершілікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу жолдары түсіндірілді.
2. Балалардың I жартыжылдықтағы даму жетістіктері туралы ақпарат берілді. Балалар сөйлеу дағдылары, қарапайым математикалық түсініктер, шығармашылық қабілеттері, қимыл-қозғалыс белсенділігі бойынша жақсы нәтижелер көрсетіп отырғаны айтылды. Кейбір балаларға қосымша қолдау қажет екені ескертілді.
3. Ата-аналар тарапынан баланың тәртібі, үйдегі тәрбиесі, қосымша үйірмелерге қатысуы жөнінде ұсыныстар айтылды. Балабақша мен ата-ана байланысын күшейту туралы пікірлер білдірілді.

Қаулы етілді:

1. Бала тәрбиесінде ата-ана мен балабақша арасындағы байланысты нығайту.
2. Балалардың жеке даму ерекшеліктеріне көңіл бөлу.
3. Ортақ іс-шараларға белсене қатысу.

Төрайымы: Абдрешова А
Хатшы: Елемесова Э.С.



Баяндама тақырыбы: «Бала тәрбиесі – басты міндет»

Құрметті ұстаздар, ата-аналар және балалар!

Бүгінгі баяндама тақырыбы – «Бала тәрбиесі – басты міндет». Бұл тақырыптың өзектілігі ешқашан төмендеген емес, өйткені бала тәрбиесі – ел болашағының негізі.




Бала – біздің болашағымыз, үмітіміз және қоғамның жалғасы. Сондықтан әрбір ата-ана баласының тәрбиесіне ерекше көңіл бөлуі тиіс. Қазақ халқы «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деп бекер айтпаған. Баланың алғашқы тәрбиесі отбасында басталады. Ата-ана баласына мейірімділік, сыйластық, адалдық және еңбекқорлық сияқты қасиеттерді үйретуі қажет.

Бала тәрбиесінде мектептің де рөлі зор. Мұғалімдер балаларға білім беріп қана қоймай, оларды тәртіпке, жауапкершілікке, үлкенді сыйлауға және достыққа тәрбиелейді. Сондықтан отбасы мен мектеп бірлесіп жұмыс жасауы өте маңызды.

Сонымен қатар, қазіргі заманда балаға қоршаған орта мен ақпараттық технологиялар да әсер етеді. Теледидар мен интернеттегі әртүрлі ақпарат баланың мінез-құлқына ықпал етеді. Сол себепті балаға дұрыс бағыт беріп, пайдалы нәрсені таңдауға үйрету керек.

Бала тәрбиесінің негізгі бағыттары – адамгершілік, еңбек, отансүйгіштік және салауатты өмір салты. Осы тәрбиелер арқылы біз елін, жерін сүйетін, білімді және тәрбиелі азаматты қалыптастыра аламыз.

Қорытындылай келе, бала тәрбиесі – әрбір адамның, әрбір отбасының және бүкіл қоғамның басты міндеті. Тәрбиелі ұрпақ – жарқын болашақтың кепілі.



**«Жалын» ересек тобының ата-аналар
жиналысы**

Хаттама №3

Қатысқаны: 8

Қатыспағаны: 3

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Баяндама «Болашаққа бастар бірлескен қадам».
2. Балалардың оқу жылы бойынша даму жетістіктерінің қорытындысы.
3. Жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру.
4. Ата-аналардың ұсыныстары мен сұрақтары.

Тыңдалды:

1. «Жалын» тобының тәрбиешісі Абдрешова А «Болашаққа бастар бірлескен қадам» тақырыбында баяндама оқыды. Баяндамада оқу жылы барысында балабақша мен ата-аналардың бірлескен жұмысының нәтижелері айтылды. Балалардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау, олардың білім алуға деген қызығушылығын арттыру және әлеуметтік ортаға бейімдеу бағытында жүргізілген жұмыстарға тоқталды. Отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықтың маңызы ерекше атап өтілді.
2. Балалардың оқу жылы бойынша даму жетістіктері туралы ақпарат берілді. Тәрбиеленушілердің сөйлеу дағдылары, танымдық қабілеттері, қарапайым математикалық түсініктері, шығармашылық және қимыл-қозғалыс белсенділігі бойынша жақсы нәтижелер көрсеткені айтылды. Балалардың жыл бойы өткізілген іс-шараларға белсенді қатысқаны атап өтілді.
3. Жазғы сауықтыру кезеңінде балалардың денсаулығын нығайту, қауіпсіздігін сақтау және бос уақытын тиімді ұйымдастыру жөнінде ата-аналарға ұсыныстар берілді. Балалардың күн тәртібін сақтау, таза ауада көбірек серуендеу және қауіпсіздік ережелерін ұстану қажеттілігі түсіндірілді.
4. Ата-аналар тарапынан оқу жылының қорытындысы бойынша пікірлер айтылып, балабақша ұжымына алғыстарын білдірді. Балалардың жетістіктері мен тәрбие жұмыстары жөнінде ұсыныстар берілді.

Қаулы етілді:


1. Балабақша мен ата-ана арасындағы ынтымақтастықты одан әрі жалғастыру.
2. Балалардың жеке даму ерекшеліктеріне көңіл бөлу.
3. Жазғы демалыс кезеңінде балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын бақылауда ұстау.
4. Келесі оқу жылында бірлескен іс-шараларға белсенді қатысу.

Төрайымы:

Абдрешова А

Хатшы:

Елемесова Э.С.



Болашаққа бастар бірлескен қадам

Құрметті ата-аналар!

Бүгінгі кездесудің басты мақсаты – бала тәрбиесі мен дамуы жолындағы ата-ана мен тәрбиешінің бірлескен жұмысының маңыздылығын атап өту. Өйткені әрбір баланың жарқын болашағы – үлкендердің ортақ еңбегінің нәтижесі.

Бала – еліміздің ертеңі, ұлтымыздың болашағы. Сондықтан оның дені сау, білімді, тәрбиелі, мәдениетті болып өсуі баршамыз үшін маңызды. Бұл міндетті жүзеге асыруда отбасы мен білім беру ұйымының орны ерекше. Отбасында берілген тәрбие баланың өмірлік ұстанымдарының негізін қаласа, балабақша оның танымдық, шығармашылық және әлеуметтік қабілеттерін дамытады.

Бала тәрбиесінде ата-ана мен тәрбиеші арасындағы ынтымақтастық маңызды рөл атқарады. Өзара түсіністік пен сенім болған жағдайда ғана бала өзін жайлы сезінеді, жаңа білім мен дағдыларды оңай меңгереді. Тәрбие жұмысындағы бірзділік пен ортақ талаптар баланың бойында жауапкершілік, тәртіптілік және адамгершілік қасиеттердің қалыптасуына ықпал етеді.

Қазіргі қоғамда балалардың жан-жақты дамуына ерекше көңіл бөлінуде. Сондықтан біз балалардың білім алуына ғана емес, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруге, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеуге де мән беруіміз қажет.

Баланың әрбір жетістігі – ата-ана мен тәрбиешінің бірлескен еңбегінің жемісі. Бүгінгі кішкентай қадамдар ертең үлкен жетістіктерге бастайды. Сол себепті бала тәрбиесіне жауапкершілікпен қарап, өзара қолдау көрсетіп, бір мақсатқа жұмыла еңбек етуіміз қажет.

Қорытындылай келе, болашаққа бастар жол – бірлік пен ынтымақтастық жолы. Балаларымыздың бақытты балалық шағы мен жарқын келешегі үшін ата-ана мен тәрбиеші әрдайым серіктес болып, ортақ мақсат жолында бірге қадам басуы тиіс.

Сонда ғана біз тәрбиелі, білімді, елін сүйетін ұрпақ қалыптастыра аламыз. Назарларыңызға рақмет!

